

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 1837

Ішінара республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік почтасына пайда болған бюджеттік берешекті қысқарту мақсатында, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1995 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша төменде көрсетілген шаруашылық жүргізуші субъектілер мен республикалық бюджет арасында жалпы сомасы 39 (отыз тоғыз) млн. теңге берешекке бір жолғы есептеу жүргізісін, аталған сома 1995 жылға арналған бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетілсін, оның ішінде:

Алматы темір жол басқармасына қосымша құнға салынатын салық бойынша 24 (жиырма төрт) млн. теңге;

"Рысты-АЭВРЗ" акционерлік қоғамына қосымша құнға салынатын салық бойынша 15 (он бес) млн. теңге;

39 (отыз тоғыз) млн. теңге берешекті қаржыландыру есебіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік почтасына есептелсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары